



«XXI ғасыр –сауатты ұрпақ ғасыры!» атты

оқу сауаттылығы апталығы

16.01.2023-20.01.2023 ж

Қарағанды 2023 ж

Бекітемін

«№66 мектеп-лицейі» КММ

директоры Н.М Мисюрина_____

«_____»_____ 2023 ж.

**№66 мектеп-лицейі «XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!» атты
оқу сауаттылығы апталығының жоспары**

Мақсаты: оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде гуманитарлық пәндердің мүмкіндіктерін анықтай отырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын, жеке, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзара тәжірибе алмасу.

Міндеттері: балалардың көркем әдебиетке деген тұрақты қызығушылығын дамыту, кітап мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту бойынша сыныптардағы жұмысты жандандыру; балаларды кітапқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, көкжиегін дамыту, кітап сүйер қауымды әлемге тарту;

Күтілетін нәтиже: балалар көркем әдебиетті қызығушылықпен оқиды; кітапқа ұқыпты қарайды, өзге ұлт оқушыларының мемлекеттік тілге деген құрметі артады, еркін тілде сөйлейді және функционалдық оқу сауаттылығы қалыптасады.


№	Іс-шара атауы	Өткізу түрі	Қатысушылар	Өткізу форматы, күні	Жауаптылар
1	«XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!»	Саптық жиын	1-11 сыныптар	Оффлайн 16.01.23.	Муханмедина Л.Т. Жапабаева А.С.
2	Ы.Алтынсарин «Бақша ағаштары» әңгімесі	бестік диктант	3-4-5 сыныптар	Оффлайн 17.01.23.	Айтуганова Г.Н. Алшымбекова Н.М. Муханмедина Л.Т. Бижанова С.Т.
3	Сауаттылық күні	Диктант	7-8 сыныптар	Оффлайн 17.01.23.	Бейсекова А.Т. Қыйлыбай Д.Б. Айнабаева М.М. Жапабаева А.С.
4	«Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы»	эссе жазу	8-11 сыныптар	17.01.23.	Жапабаева А.С. Қыйлыбай Д.Б.
4	«Сен қазақ тілін білесің бе?» Ой мен ойын	Танымдық ойын	5 сыныптар	Оффлайн 18.01.23.	Дюсекова А.Ж Бейсекова А.Т.
5	«Оқу сауаттылығы және замануи қоғам»	пікірталас	9-10 сынып	Оффлайн 19.01.23.	Алшымбекова Н.М. Айнабаева М.М.
6	«Қадыр Мырза Әлі – қазақ поэзиясының пырағы»	Дөңгелек үстел	4 сынып	Оффлайн 19.01.23.	Мырзагулова А.Ш.
7	А.Байтұрсынов мысалдарын оқу	мәнерлеп оқу	5-7 сыныптар	19.01.23.	Муханмедина Л.Т. Жапабаева А.С.
8	«Кітап- өмір ұстазы»	Апталықтың жабылуы	2-11 сыныптар	Оффлайн 20.01.23.	Муханмедина Л.Т. Қыйлыбай Д.Б. Бижанова С.Т.

2023 жылғы 16-20 қаңтар аралығында өтетін оқу сауаттылығы апталығы басталып, мектебімізде «XXI ғасыр- сауатты ұрпақ ғасыры!» апталығы салтанатты саптық жиынынмен ашылып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру негізінде ұйымдастырылған бірнеше іс-шаралармен жалғасын тапты. Шараны Муханмедина Л.Т., Жапабаева А.С. ұйымдастырды. Апталықтың «Функционалды сауаттылық-тұлға қалыптастырудың жаңа жолы» атты бөлімінде «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» эссе жұмыстары, қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерін тәжірибеде пайдалана білу дағдыларын жетілдіру; сауаттылыққа, жазу мәдениетіне баулу; көркем мәтін негізінде әдеби тілдерін ұстарту мақсатында Ы.Алтынсарин. «Бақша ағаштары» әңгімесі бойынша бестік диктант алынып, «Оқу сауаттылығы және заманауи қоғам» бөлімінде 5 сыныптар арасында «Қазақшаң қалай?» танымдық ойыны, танымдық сайысы өткізілсе 9-10 сынып оқушылары арасында «Оқу сауаттылығы және замануи қоғам» пікірталас сайысы өткізілді. Ал апталықтың «Қадыр Мырза Әлі – қазақ поэзиясының пырағы» бөлімінде 4 сыныптар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараны пән мұғалімдері ұйымдастырды.



17.01.23 күні 3-4-5 сыныптар арасында Ы.Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесінің желісі бойынша бестік диктант алынды. Диктантты алуға пән мұғалімдері Айтуганова Г.Н., Алшымбекова Н.М., Муханмедина Л.Т. жауапты болды.

7-8 сыныптар «Сауаттылық күні» ретінде диктант жазды. Аталған шараны Қыйлыбай Д.Б. Айнабаева М.М., Жапабаева А.С. ұйымдастырды.



18.01.23 күні 5-сыныптар арасында «Сен қазақ тілін білесің бе?» атты танымдық ойын өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Міндеттері: топтық жұмыстар арқылы ынтымақтастыққа жұмыс жасауға үйрету. Аталған іс-шараға оқушылар белсене қатысып, өз білімдерін сынады. Аталған шараны пән мұғалімдері Дюсекова А.Ж, Бейсекеева А.Т. ұйымдастырды



Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқу сауаттылығы апталығының жоспарына сай 4 «Е» және 4 «Г» сыныптарында оқушылармен Ы.Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесі негізінде бестік диктант алынды.

Мақсаты: оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, балаларды көркем әдебиетке, кітап оқу мәдениетіне баулу. Аталған іс шараны пән мұғалімі Г.Н. Айтуганова өткізді. Оқушылар бестік диктантқа белсенді қатысты.



19.01.23 ж. «XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!» атты оқу сауаттылығы апталығы аясында 9-10-сыныптар арасында “Оқу сауаттылығы және заманауи қоғам” тақырыбына пікірталас өтті. Бүгінгі таңда білім сапасының бәсекелестігін арттыру, оқушыларды шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу, түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет ету жайлы сөз қозғалды. Жауапты мұғалімдер Алшымбекова Н.М., Айнабаева М.М. болды.



"Оқу сауаттылығы" апталығының аясында 4 "Ж" сыныбында "Қазақ поэзиясының шырақтары" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар Қадыр Мырза Әлі поэзиясын, өлеңдерін нақышына келтіре оқи отырып, негізгі түйінді таба білуге дағдыланып, өлеңдердегі үндестікті тануда өз ойларын қорыта айта білді. Оқушылар өз ойларын еркін, нақты жеткізе білді, тіл байлықтарын шыңдады. Оқушыларға ақиық ақынымыз әрі жазушы Қадыр Мырза Әлі туралы түсінік бере отырып, дүниетанымдарын кеңейттік. Өз беттерімен ізденушілікке дағдыландырдық. Қадыр ата өлеңдерін мәнерлеп жатқа айта білуге баулыдық. Сөзді қорларын молайта отырып, Қадыр ата афоризмдерінің мән-мағынасын жетік түсіне алуға бағыттадық. Отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, жалқау болмауға, адалдыққа жетеледік



Тіл тағдыры — ел тағдырына айналып отырған қазіргі қазақ тілінің кінәратты жағдайында оқушы бойында мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, қазақ тілі арқылы жасалған ойдың кестелі өрнектеріне үңіліп, ауызша, жазбаша сөздік қорларын молайтуға, шығармашылық қабілетін дамытуға, пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын тереңдетіп, мемлекеттік тіліміздің қолдану аясын кеңейтуге, Тіл туралы заңды жүзеге асыруға барынша қолғабыс ету- әрбір қазақ тілі пәні мұғалімінің міндеті болуға тиіс. Ал қоғамымыздағы мұғалім алдында тұрған міндет- сапалы білімді, саналы тәрбиелі, рухани ой өрісі дамыған, жалпы адамзаттық құндылықты меңгеруде шығармашылық, іскерлік пен дағдысы қалыптасқан, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру екені баршамызға белгілі.

Ұлттық тіл- мәдениетіміздің іргетасы. Тіл-тарихи, мәдени құндылық. Қай тіл болсын қалыптасу, даму барысында әр түрлі жайларды басынан кешіреді. Тілдер де қиыншылықтарды басынан өткізеді. Қазақ тілі – үлкен тіршілік әлемі. Ол –қазақ деген халықтың тарихымен ұштасып жатыр. Қазақ тілі –талай ғасырды басынан кешірген тіл. Тәуелсіздік алған заманда қазақ тілін одан әрі дамытып, асқақтату, өзге ұлт өкілдерін мемлекеттік тілде сөйлеуге үйрету біздің – басты міндетіміз.

20.01.23 күні 2-11 сыныптар «Кітап- өмір ұстазы» атты апталықтың жабылу салтанаты өтті. Аталған шараны қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің ӘБ жетекшісі Муханмедина Л.Т., пән мұғалімдері Қыйлыбай Д.Б., Жапабаева А.С., Бижанова С.Т. ұйымдастырды. Аталмыш іс-шарада мектеп-лицей оқушылары ақындардың өлеңдерін мәнеріне келтіріп оқып, қазақ тіліне байланысты нақыл сөздерді жатқа оқыды. ӘБ жетекшісі Ляззат Тлеукабыловна апталықтың қорытындысына тоқталып, белсене қатысқан мұғалімдер мен оқушыларға алғысын білдірді.

Апталықтың нәтижесінде мектеп-лицей оқушылары аталған шараларға белсене қатысып, кітап оқуға деген құлшыныстары артып, өз білімдерін көрсетті және мемлекеттік тілге деген құрметтері артты, функционалдық оқу сауаттылығы қалыптасты.

